

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БАҚ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



Президент, журналистер қауымын алдағы Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал, журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән - мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Өрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатқанын атап өтті.

– Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, өткен 5 айда ұлттық экономикамыз 6 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі де 6 пайызға жуықтады. Жалпы соңғы бес жылда еліміздің ішкі жалпы өнімі 182-ден 286 миллиард долларға жетті. Біз бұған экономиканы әртараптандыру арқылы қол жеткізіп келеміз. Бүгінде түрлі салада осындай оң өзгерістер болып жатыр. Ең бастысы, ұлттық болмысы өзгере бастады. Елде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Жас ұрпақ «Адал азаматқа» тән қасиеттерді бойы-

на сіңіріп өсіп жатыр. Заң үстемдік құруы үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы нағыз халықтық жобаға айналды. Азаматтарымыз табиғаты таза елдің ниеті де таза деген ұстанымды жан-жақты насихаттап, ортақ іске белсене атсалысуда. Осылайша, Қазақстан жаңа тұрпатты елге айнала бастады. Өйткені таза болу, бұл – ниеті де, ісі де таза болу деген сөз. Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты – биік, бағдары – айқын. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ұшығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алууда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы өбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп, талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға



күштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

– Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөзкүдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым - Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды.

– Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майталмандары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – бәріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

Іс-шарада журналистика саласының ардагері Шархан Қазығұл, «Казахстанская правда» газетінің бөлім меңгерушісі Юлия Магер және «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Гүлнәзия Зарипова сөз сөйледі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХІ "АЙБЫН" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫН АШТЫ



Президент – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ХІ халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу рәсіміне қатысты.

Биыл Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің әскери - патриоттық қозғалыстарына мүше 800-ге жуық жастың басын қосқан іс-шара Ақтөбе облысында ұйымдастырылып отыр. Слет қос атаулы датаға – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев барша қатысушыларды «Айбын» әскери - патриоттық жастар жиынының ашылуымен құттықтап, бұл жас өрендеріміздің рухын шыңдайтын өте маңызды іс-шара екеніне назар аударды.

– Биыл «Айбын» жиыны қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті. Ол сұрапыл шайқастарда төңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Бұл – біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке. Ұлы Жеңіс күнін атап өту – батыр бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігін жадымызда жаңғырту деген сөз. Қазақстан үшін мұның мән-мағынасы айрықша. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты, азаттық пен әділдік үшін аянбай күресті. Қазақстаннан 1 миллион 200 мың азамат майданға аттанды, оның тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Мыңдаған адам далада, зауыттар мен фабрикаларда еңбек етіп, майданға азық-түлік, қару-жарақ және оқ-дәрі жіберді. Біз даңқты ерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ешқашан ұмытпаймыз, олардың есімін мәңгі есте сақтаймыз. Батырларымыз жер-жаһандағы бейбітшілік пен тыныштық үшін аса ауыр сынақтарды еңсерді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазіргі құбылмалы, бұлыңғыр заманда біз осы тарихи ақиқатқа адал болуымыз керек, зұлмат соғыстың қасіретті сабағын ұмытпауымыз қажет.

– Жастар бейбіт заманның қадірін түсінуге тиіс. Жыл өткен сайын жаһандық шиеленістер өршіп, мемлекеттер арасында қақтығыстар жиілегенін көріп отырсыздар. Қазіргі аса күрделі уақытта елдеріміз арасындағы түсіністік, өзара сенім мен келісім өте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жарыстар біздің шетелдермен көпжақты байланыстарымызды кеңейтуге үлес қосады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскер қатарында болу абыройлы міндет екенін атап өтіп, еліміз өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне баса мән беретінін жеткізді.

– Қуатты Армия – тәуелсіздік тірегі, қарқынды даму кепілі. Бүгін сапта тұрған сарбаздар – нағыз отаншыл, батыл, мықты азаматтар. Қазақстан Армиясының келешегі сіздердің қолдарыңызда! Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құратын да – Сіздер. Мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде еліміздің білімді, адал, озық жастарына сенемін! Алдағы күндері сіздердің қаншалықты күшті әрі епті екендеріңіз сыналады. Әскери қызметтің қандай болатынын сезініп, заманауи армияның озық технологияларымен танысасыздар. Нағыз жауынгер табанды еңбек, қатаң тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізетінін біледі. Тактикалық ойындар кезінде сіздерге батылдық пен шешімталдық қажет болады. Командамен ұйымдаса әрекет ету, бір - біріңе көмектесу талап етіледі. Бүгін осы жиында Қазақстанның намысын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының ең үздік мүшелері қорғайды. Жастарымыз жарысқа лайықты деңгейде қатысып қана қоймай, өздерін осы елдің қонақжай әрі кеңпейіл иесі ретінде көрсететініне сенімдімін. Осы жиыннан жаңа дағды үйреніп, адал дос тауып, керемет әсермен оралуларыңызға тілектеспін. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын аясында балалар мен жасөспірімдер «Айбын дарыны» интеллектуалдық ойынына, «Smart Sarbaz» технологиялық конкурсына және «Айбын» жұлдызы шығармашылық сайысына қатысады. Пневматикалық мылтықтан ату, Калашников автоматын шашып, қайта жинаудан жарысады. Сондай-ақ, бағдарламада спорттық сайыстар, «Күшіміз бірлікте» әскери-тактикалық ойыны бар. Кешқұрым жастар алау басында патриоттық әндер орындайды.

Ресми ашылу салтанатынан кейін Мемлекет басшысына Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов FPV-дрон операторларын даярлайтын инновациялық оқу-жаттығу кешені мен ұшқыштарға арналған заманауи жаттығу симуляторларын таныстырды.

Одан кейін Президент «Smart sarbaz» жас робот техникері үйірмесінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ, балалардың «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үрмелі аспаптар оркестрінің орындауындағы музыкалық шығарманы тыңдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Судья және сот қызметкері күнімен құттықтауы

Құрметті Судьялар және сот қызметкерлері!

Биыл – сот төрелігін атқаруға жауапты азаматтар үшін айырықша маңызды жыл. Себебі, осыдан 30 жыл бұрын ел егемендігінің, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мызғымас тірегі саналатын Қазақстан Конституциясы қабылданды.

Қуатты әрі тәуелсіз сот жүйесі құқық үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру ісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан біз осы стратегиялық маңызы бар салада жүйелі түрде реформа жүргізіп келеміз. Сот ісі жетілдіріліп, басқару үдерістері оңтайландырылып,



осы салаға цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр. 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш дербес кассациялық сот жұмыс істей бастайды. Бұл қадам азаматтардың және бизнестің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған

институционалдық мүмкіндігін едәуір арттырады.

Жұртшылықтың әділдікке деген сенімі көбінесе судьялардың кәсіби біліктілігіне, кез - келген істі қараған кезде ұстанымына берік болып, бейтараптық таныта алуына тікелей байланысты. Осы маңызды әрі жауапты миссия терең құқықтық білімді, заң үстемдігін үнемі бөрінен биік қояды талап етеді.

Сот қызметкерлері мен ардагерлеріне қажырлы еңбегі мен өз кәсіби адалдығы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Сіздер Әділетті Қазақстанды құру ісіне елшеусіз үлес қоса бересіздер деп сенемін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ - береке, толағай табыс тілеймін!

ОБЛЫС ӘКІМІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бүгін облыс әкімдігінде өңір басшысы Мемлекеттік қызметшілер күніне орай аталған сала мамандарын құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында қатысушылар алдында құттықтау сөз сөйлеген Бейбіт Исабаев мемлекетке, халыққа қызмет етудің маңыздылығы туралы атап өтіп, өңірді дамытудың негізгі бағыттарына тоқталды.

- Жаңа өзгерістер кезеңінде мемлекеттік қызметшіге артылатын жауапкершілік жүгі үлкен, оны күнделікті жұмыста өздеріңіз де сезініп отырсыздар. Мемлекеттің «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру жолында қолға алынған жаңа қағидаттар бір-бірімен тікелей ұштасып жатыр. Оларды бұлжытпай орындау үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, мемлекеттік қызметшілердің бойында кәсібилік пен отаншылдық қасиеттері болуы тиіс. Сондықтан қай-қайсымыз да осы талап үдесінде қызмет атқаруымыз керек, - деген өңір басшысы осы ретте облыс қайта құрылғаннан бергі 3 жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық салаларда қол жеткізген жетістіктер жайлы қысқаша баяндады.

Мәселен, үш жыл бойы аймақ әлеуметтік-экономикалық даму индикаторы бойынша республикада үздік үштіктің ішінде болды. Облысқа 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылды. Көп қабатты үйлер мен жеке тұрғын үйлер бой көтерді. Әлеуметтік нысандар жаңарды, елді мекендер газдандырылып, жолдар жөнделді. Транзиттік әлеуеті зор «Талдықорған-Үшарал», «Үшарал-Достық» жолдары пайдалануға беріліп, «Сарыөзек-Көктал» тас жолы, оның ішінде Алтынемел асуының жолы жаңғыртылды. «Жаркент-Көктал», «Жаркент-Қорғас» жолының негізгі учаскелері күрделі жөндеуден өткізілді. 30 жылдай жөндеу көрмеген «Үштөбе-Көпбiрлiк» автомобиль жолы қалпына келтірілді. Көп жылдар бойы жыр болған Молалыдан Балқаш көліне дейінгі жолдың құрылысы аяқталып, көлік құралдарының жүруі толық қамтамасыз етілді. «Сырт көзге бұл жұмыстардың бәрі өздігінен жасалып жатқандай көрінгенімен, оның артында қаншама тынымсыз еңбек, ерік-жігер, талап пен табандылық жатыр. Кәсіби мереке қарсаңында

облысты дамыту жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін бөріңізге ризашылығымды білдіремін», - деді Б.Исабаев.

Әкім жастарды мемлекеттік қызметке тартудың маңызына да назар аударды. Өңірде жоғары оқу орындарында грантта оқып, үздік бітірген түлектерді мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдау тетігі жұмыс істейді. Осы бағдарлама бойынша өткен жылдан бастап қызметшілер қатарына 24 жас маман қосылған. Сонымен қатар жыл басынан бері облыстың барлық атқарушы органдарында e-gov.kz порталы арқылы «адам факторынсыз» іріктеудің жаңа жүйесі енгізілді.

Өңір басшысы ашықтық, адалдық және кәсіби даярлық кадрлық саясаттағы басты алғышарттар екенін, өңірде меритократия қағидаты 70% деңгейінде қалыптасқанын атап өтті. Бұл ретте әкімдікте жұмыс істейтіндердің арасында шетелдік білімі бар, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, сондай-ақ Президенттік кадр резервінің қатысушылары бар. «Жан-жақты білімді, креативті ойлай алатын жастардың мемлекеттік қызмет ісіне оң ықпалын тигізетіні анық», - деген Б.Исабаев сөзінің соңында білім мен тәжірибеге қоса әрбір қызметші өзінің кәсіби-тұлғалық болмысын үнемі дамытып отыруы керектігін айтып, қарапайымдылық қағидатымен өмір сүретін адал қызметші, кәсіби білікті маман, патриот азамат қана мемлекетті алға жылжытатынын атап өтті.

Осы күні мемлекеттік қызметте жолын енді бастаған жас мамандар Еділ Орымбеков, Дастан Құдайберген, Айдана Арин Отанға, Конституцияға және Қазақстан халқына адал болуға ант берді.

- Бұған дейін екі жыл Балқаш қаласындағы әскери бөлімде екі жыл қызмет еттім. Содан кейін туған жеріме оралып, қазір Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округі әкімдігінде жетекші маман болып жұмысқа орналастым. Туған жеріме адал қызмет етуді парызым деп санаймын, осы жолда өзімнің бар білімімді жұмсаймын деп сендіргім келеді, - дейді Е. Орымбеков.

Бұдан соң мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп келе жатқан бірқатар азаматқа марапаттар тапсырылды. Соның ішінде аудан-қала әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері «Үздік мемлекеттік қызметші», «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілерімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мемлекеттік қызметте 29 жыл еңбек өтілі бар Айнагүл Қонысбекова да «Мемлекеттік қызмет ардагері» атанғандар қатарында.

- Алғаш еңбек жолымды Қаратал ауданы Байшегір ауылында ауыл әкімінің хатшысы болып бастаған едім. Ұзақ жылдан бері осы ауылдық округ әкімдігінің бас маманы ретінде ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға үлес қосып келемін. Мемлекеттік қызмет саласындағы жаңа талаптарға сай жұмыс істеп, оңды өзгерістерден тыс қалмаймыз. Жас мамандарға, әріптестеріме тәлімгер болып, білгенімді үнемі үйретіп отырамын. Бүгін, міне, «Мемлекеттік қызметтің ардагері» атанып отырмын. Еңбегімнің елегеніне қуаныштымын, - деді А.Қонысбекова.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу облысындағы аудандардың бірінде жарты млрд. теңгеге жуық қаржылық және процедуралық кемшілік анықталды

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторлары Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің жұмысында айтарлықтай кемшілікті анықтаған. Атап айтқанда, қаржылық және процедуралық бұзушылықтың жалпы сомасы 417,2 млн. теңге.

Оның ішінде 341,8 млн. теңге – орынсыз төлемдер. Бұл ақша іс жүзінде атқарылмаған жұмыстарға жұмсалған. Айталық, сыртқы жарықтандыру орнатылмаған, сондай-ақ әрлеу жұмыстары соңына дейін аяқталмаған. Ал, тиісті қаражат төленген дизель генераторы жеткізілмеген.

Қалған 75,4 млн. теңгеге байланысты процедуралық кемшілік байқалған: келісімшарттарда қарастырылған мерзімдер сақталмаған, сол секілді тапсырыс беруші тарапынан өндірілуіне жауапқа тарту бойынша қандай да бір әрекет жасалған жоқ. Мәселен, қызмет ұсынушыны мемлекеттік сатыпалымның жосықсыз қатысушысы деп тану бойынша сотқа арыз беруден бас тартқаны белгілі болды.

Аудит қорытындысы бойынша тиісті бөлімге анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқама жіберілді. Материалдар құқық қорғау органдарының тарапынан да қаралып жатыр.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Олжас Бектенов Президент тапсырмасы бойынша өтіп жатқан «Заң және тәртіп» апталығы аясында ІІМ Басқару академиясының ашылуына қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жарияланған «Заң және тәртіп» апталығы аясында Астанада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясының ашылуы өтті.

Премьер-министр Олжас Бектенов құттықтау сөзінде жаңа оқу орны Президенттің қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және кадрлық әлеуетті жаңғырту жөніндегі жүйелі саясатының аясында жүзеге асырылып отырған аса қадам екенін атап өтті.

Соңғы жылдары ағымдағы сын-кәтерлерге қарсы күресті күшейту бағытында нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті құрылды, киберқауіптерге және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша мамандандырылған бөлімшелер ашылды, цифрлы инфрақұрылым мен талдамалық база нығайтылып жатыр. «Академияның құрылуы – Мемлекет басшысы жариялаған құқық қорғау жүйесінің даму жолындағы елеулі кезең. Біздің міндетіміз – кадрлық әлеуетті нығайту арқылы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің жаңа моделін енгізу. Институционалдық реформалар құқық қорғау органдарының сервистік моделін дамытуға ықпалын тигізеді. Президент ұсынған ба-сым бағыт – азаматтардың қауіпсіздігі және «Заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Президенттің тапсырмасы бойынша іске қосылған құқық қорғау органдарын қайта жаңғырту – стратегиялық ойлай алатын басқарушылар буынын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ технологиялық новацияларды енгізу құралдарын кеңейтіп, жаһандық цифрландыру және жасанды интеллектіні жаппай енгізу

жағдайында көшбасшылық пен бәсекеге қабілетті жұмыстың заманауи тәсілдерін меңгеруге жол ашады.

♦ Академияның ашылуы барысында Олжас Бектенов сонымен қатар оқу орны инфрақұрылымымен, және құқық қорғау органдары қолданатын заманауи технологиялармен, атап айтқанда цифрлы зертхана, цифрлы шешімдер аудиториясы, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жасанды интеллектті көмегімен талдау, кіріктірілген радар орнатылған патрульдік автомобильдерді қашықтан бақылау платформасы, роботтандырылған техника, «ақылды көзілдірік» және басқа да озық технологиялармен танысты. Ішкі істер министрі Ержан Сәденов Премьер-министрге ведомстволарлық жоғары академиялық курс тыңдаушыларын сынақтан өткізу нәтижелерін көрсетті.

Академия бағдарламасы басқару құзіреттілігін дамытуға, заманауи тәсілдерді меңгеруге бағытталған. Жыл сайын мұнда басшылық құрамды даярлау бағыттары бойынша 100-ден астам адам, сондай-ақ магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша 30 адам білім алады. Бүгінде Академия ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінен тыңдаушылардың алғашқы легін дайындауды бастады. ІІМ Басқару академиясының ашылуына Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғарғы Сот Кеңесі, министрліктер, әкімдіктер басшылығы, Парламент депутаттары, ІІМ Қоғамдық кеңесінің мүшелері, ІІМ жүйесіндегі ЖОО басшылығы мен оқытушылары, салалық ведомстволардың шетелдік делегациялары, халықаралық ұйымдардың, ғылыми және сараптамалық қоғамдастықтың, сондай-ақ жеке сектор өкілдері қатысты.

@KZgovernment.

БИЫЛ ЖЕТІСУДА РАПС, ЗЫҒЫР ЖӘНЕ ҮРМЕБҰРШАҚ ӨСІРУГЕ ДЕН КОЙЫЛДЫ



Бүгін Жетісу облысында Алқап күні шарасы өтті. Бұл басқосуды облыс әкімдігі «Август-Қазақстан» компаниясымен бірлесіп Ескелді ауданы Бақтыбай ауылындағы «Дүйсембинов А.К.» шаруа қожалығының аумағында ұйымдастырды, оған өңірлерден агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші мамандары жиналды.

Кездесудің басты мақсаты – ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру саласында тәжірибе алмасу, заманауи агротехнологиялар мен жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасының үлгілерін көрсету.

Іс-шараға қатысушылар алдында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев сөз сөйледі. Ол биылғы іс-шараның өткен жылғы Алқап күнінен айырмашылығы, биылғы жылы аймақта қарқынды енгізу жоспарланып отырған дақылдар – рапс, зығыр және үрмебұршақ өсіру технологиясына баса назар аударылғанын атап өтті:

- Бұл дақылдар фермерлер үшін экономикалық тұрғыдан тиімді. Сонымен қатар бүгін біз суарудың дискретті әдісін ұсынып отырмыз, бұл суды үнемдейтін техно-

логия, оны қолдану оңай әрі қолжетімді, - деді. Ұйымдастырушылар тәжірибе алмасу, жаңа технологияларды көрсету, фермерлердің және ғылым мен бизнестің арасындағы ынтымақтастықты нығайту іс-шараларының маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында өнімділікті арттыру, суды тиімді пайдалану және техниканы жаңғырту мәселелері талқыланды.

Атап өтсек, «Дүйсембинов А.К.» ШҚ – ұзақ жылғы тәжірибесі бар, бүгінде мал және өсімдік шаруашылығымен айналысып келе жатқан табысты отбасылық кәсіп саналады. Оның алқабында бидай, арпа және жемшөп дақылдарын өсіріледі.


- Биыл біз алғаш рет зығыр, үрмебұршақ, рапстың неміс сортын септік. Бұл тиімділігі жоғары дақылдар аймақтың климаттық жағдайларына төзімді, әрі оларға деген нарық сұранысы жоғары. Бүгінде біздің иелігімізде төрт шаруашылық, 50 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар және 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, - дейді шаруашылық басшысы Айдын Дүйсембинов.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

28 маусым - Баспасөз күні!

халқына Жолдауында бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар рөліне айырықша тоқталып өткен. Олай болса, елдегі саяси тұрақтылық, экономикалық өрлеу барысында журналистер қауымына жүктелер салмақ қомақты.

Бүгінде тоқсан жылдан астам тарихы бар біздің аудандық «Ақсу өңірі» газеті аудан айнасы ретінде ауданның әлеуметтік - тұрмыстық, экономикалық



Аудандық мәслихат депутаттары және аппараты атынан Сіздерді «Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні» мерекесімен құттықтаймыз!

Сіздер өз газеттеріңіз арқылы ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан істер ба-

рысын, аудан тұрғындарының тыныс - тіршілігін, оңды істерін насихаттауда қажырлықпен және нәтижелі қызмет атқарып келесіздер. Газетіміз барлық кезеңдерде халықпен жергілікті биліктің арасындағы дәнекер болып, оқырмандардың мінбері және көмекшілері бола білуде. Аудандық мәслихат депутаттары да Сіздер арқылы өз сайлаушыларымен тұрақты байланыста болуда.

Сіздерге алдағы уақыттарда да ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарыңызда үлкен шығармашылық табысқа жете берулеріңізге шын жүректен тілектеспіз.

Сіздерге барынша көп қызықты жаңалықтар, жарқын тақырыптар,



Бүгінгі кәсіби мерекелеріңіз – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінде журналистика саласына артылар міндет пен жүк жеңіл емес. Еліміздің журналистер қауымы заман көшінен қалмай, жаңа медианы меңгеріп, елдікті сақтау, азаттықты баянды ету жолында абыройлы қызмет атқарып жүр. Мемлекетімізде баспасөз бен тележурналистика, ақпараттық сайттар заман талабына сай түрленіп, қоғамға қажетті маңызды ақпараттарды уақытылы таратып келеді.

Елді игі іске жұмылдырып, берекені арттырып, татулықты нығайтуда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қашанда жоғары. Ал, бұл ретте билік пен халықтың арасындағы алтын көпір болып жүрген еңбектеріңіз

мол. Бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық салалардағы өркенді өзгерістердегі алатын орны мен атқарған қызметі айырықша. Сіздер Президентіміздің жасампаз идеяларының төңірегіне қоғамды топтастырып, ұлтты ұйыстыруға зор үлес қосып келесіздер. Қандай да бір ақпарат көзінің сөзі - қоғамдық пікір қалыптастырудың темірқазығы іспетті. Осы бағыттағы жұмыстарыңыз еселеніп, табысты да жемісті еңбектеріңіз еленіп, алдағы мақсаттарға жету жолындағы жаңа биіктер мен шыңдардан көріне беріңіздер.

А.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы.



шығармашылық табыстар және таусылмас шабыт тілейміз!

Бейбіт Жаңылысұлы
СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы.

Құрметті Баспасөз қызметкерлері!

Маусым айының соңғы жексенбісі Баспасөз күні ретінде аталып өтіледі. Яғни, кең байтақ еліміздегі журналистер мен баспагерлер, теледидар, радио саласында еңбек ететін, елдің жылт еткен жақсылығын, жетістігін, жаңалығын халыққа тарататын саланың мамандары өздерінің төл мерекелерін тойлайды.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың саяси реформалары мен Қазақстан


жағдайын көрсетуде аянбай жұмыс атқарып келе жатқанын білемін.

Ауданымыздың ардагер журналистері мен бүгінгі газетті алдыға алып келе жатқан баспасөз қызметкерлерін мереке-лерімен құттықтап, еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілеймін.

Қаламдарыңыз ұшқыр, ойларыңыз ұтқыр болсын.

Отбастарыңызда береке - бірлік таусылмасын. Сіздермен бірге әлі талай асуларды алып, ел сенімін ақтармыз деген ойдамын.

Біліктік пен кәсіпқойлыққа сенім артқан құрметті мамандық



Кез - келген өркениетті елде мемлекеттік қызметкердің атқаратын рөлі ерекше екені белгілі. Өйткені, мемлекеттік қызметші - биліктің биік бейнесін танытып, іскерлік қабілетін көрсететін тұлға, мемлекеттік саясатты алға жылжытатын қозғаушы күш.

Мемлекеттік басқарусыз кез - келген қоғамның бірлігі бекемделіп, әлеуеті артып, тұрақты дамудың даңғыл жолына түсуі мүмкін емес. Осыдан-ақ, мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мол, ауыр да абыройлы міндет екенін айқын аңғаруға болады. Мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға жету жолында адал қызмет ету - әрбір азаматтың парызы.

«Қобызшы Молықбай» атындағы мәдениет үйінде азаматтарымыздың өмір сүру сапасы, еліміздің дамуы мен көркеюі және оның жаһандық әлемдегі орнын тиімді және кәсіби жұмыстарымен алдыға бастырып келе жатқан ауданымыздың мемлекеттік қызметшілерін құттықтауға байланысты салтанатты шара болды.

Шара барысында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы, аудан прокуроры Тұрсынов Дастан Несіпбайұлы, аудандық партия филиалының төрағасы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы осы сала

қызметкерлерін құттықтады. Шараға әр мекеме өздерінің ардагерлерін шақырып, ардагерлер мен қатар бүгінгі қызметкерлерін аудан әкімі Берік

Тынышбайұлының "Алғыс хаттарымен" марапаттап, сый - сияпат көрсетті.

Шара соңында аудан өнерпаздары әннен шашу шаш-

ты. Иә, әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер

екені бөгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу - мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Өз тағдырын Сіздерге сеніп тапсырған, Сіздердің біліктік пен кәсіпқойлыққа сенім артқан азаматтарға қызмет етуден құрметті мамандық жоқ.

Халық Сіздерден адамгершілікті, патриоттық сезімді, заңдылықты бұлжытпай сақтауды күтеді. Мемлекеттік қызметкерлер жұмысының сапасына әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, халық өмірінің деңгейі мен жалпыұлттық жобалардың жүзеге асырылуы тәуелді.

Мемлекет жоғары мамандандырылған, ұйымдасқан, құқықтық және нәтижелі басқармасы болған жағдайда ғана табысты болып гүлденеді.

Сіздердің күш - жігерлеріңіз алдағы уақытта да ауданымыздың экономикасын дамытуды қалыптастыру мен халықтың әл - ауқатын арттыруға бағытталатынына сенімдіміз. Қызметтеріңіз бен мемлекеттік қызметке деген адалдық үшін алғыс айтамыз. Ендеше, мерекелеріңіз құтты болсын мемлекеттік қызметшілер.

Ербол СЫМХАНОВ.

2025 жылғы 18 маусымда Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бастамашылық еткен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясына қосылу жөніндегі өтінімді мақұлдады.

Аталған Конвенцияға қатысу қазақстандық құқық қорғау органдарына қылмыстық істер бойынша шәтөлдемелер алуға, заңсыз жолмен шетелге шығарылған активтерді елге қайтаруға, қылмысқа қарсы күрес және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында 46 еуропалық мемлекетпен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл елімізде «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы аясында халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы заңдылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатқа сәйкес келеді.

ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫНА ҚОСЫЛУҒА ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ



**ЗАҢДЫ БІЛМЕУ –
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ**

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Сонымен қатар, аталған көпжақты халықаралық құжатқа қосылу Қазақстанды қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында әрбір еуропалық мемлекетпен жеке екіжақты шарттар жасасу қажеттілігінен босатады.

Айта кету керек, Қазақстан осы Конвенцияға қосылу үшін 20 жылдан астам уақыт бойы қадамдар жасап келеді, алайда бұрынғы өтінімдер Еуропа Кеңесіне мүше кейбір мемлекеттердің қарсылықтарына байланысты үнемі қабылданбаған.

Мұндай шақыртуды алу Қазақстанның қылмыстық құқықтық жүйесіне, оның ішінде заң үстемдігіне, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына еуропалық қауымдастық тарапынан сенімнің белгісі және қазақстандық прокурорлар мен дипломаттардың көпжылдық қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады.

**ҚАЗАҚСТАН
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ.**

Ақсудың толқын ардагер - журналистер!



Ақын ата, Хасен ата Көптілеуов, Отбасының тірегі еді текті, берік. Өзі өтсе де, өлмейтін жыры қалды, Соңынан келе жатыр өскін еріп. Ұрпақты дарынды, өнегелі, Жаман атын ешқашан естімедік. Аманатын атаның арқалаған, Ұрпағың өсе берсін, - деп тіледік. Біз де осы аталардың батасымен, Жыр жазып ақындыққа бет түзедік.



Берлібек Аманбаев. Бекен аға, Ақсудан алғашқы боп кеше ғана. Жазушылар Одағына мүше болып, Келесіз бір сүрінбей жеке дара. Қартайғанда "эротик" ақын болып, "Жүз бір түн" шықты том боп неше дана. Жүз бір түнде жортқызған "Құдашалар". "Сақаудың тілін білер шеше ғана". Жүз бір түнді жеткізіп мың бір түнге, Аман сау жүре берші, есен аға.



Газетім жаршысысың жаңалықтың, Өдетін жақсылықтың қарап ұқтым. Достық, бірлік, ынтымақ - ұраның боп, Мың - мыңдап ауданыма таралыпсың. Дүйсен аға сол кезде басшы болды. Үлгісі ұстаздықтың, ағалықтың. КСРО мен елімнің Журналисті, Жеңіп алған сыйлығын Бағаевтың.



Жай аға, Мұхаметәлі Қазбанбетов, Жиырмадан астам кітап жазған бекіп. Жақында "Жас тілшілер" байқауы боп, Жазғанын жүр оқығандар "маржан", - десіп. Себебі, ол ойының тереңінен, Маржан сөзді тереді талғамды етіп.



Полицейден тілші болған бұл ағам, Детективі оқырманға ұнаған. Кей кездері шабыттанып, ақын боп, Жұп - жұмыр ғып өлең жолын құраған. Дүйсен аға басшы болып тұрғанда, Қаламымен талайларды сынаған. Ал бүгінде шын да, сын да жоғалды, "Тіршілігін жасап жатыр тірі адам". Ардагерлер бара жатыр азайып, Ортамызда жүре берші дін аман.



Алдыдағы анамыз, ақылы озат, Гүлжаһандай апамыз жақын одақ. Орыс тілді мақала жазған кезде, Орыстардың өздерін басып озат. Зауыттың орыс тілді басылымын, Заманында шығарған басып өзі - ақ. Одан кейін аудандық басылымда, Тілші, тағы болады кәсіподақ.



ФОТОШЕЖІРЕДЕ:
Газетіміздің бұрынғы аудандық баспахана қызметкерлері, ардагерлер жұмыс барысында. Арнайы бетті дайындаған: ақын, Ербол СЫМХАНОВ.



Өмір деген керуен ғой көшкен бір, Тарих болып қала берер өткен жыл. Жеңіс ағам Жеңіс күні туыпты, Биыл міне "Жеңістерге" сексен жыл. Ел таныды "Смена" фотоаппаратымен, Жыр жазамын деп жүріп ем көптен бір. Санамызда тұр әлі де жарқырап, Жүз жыл сәуле шашатындай өшкен нұр.

АҚСУ АУДАНЫ, ЖАҢАЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР БЕРИКБАЕВ ЖАНДОС РАХИМБЕКОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Берикбаев Жандос Рахимбекович 1985 жылы 19 шілдеде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде дүниеге келдім. 2008 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде заңгер мамандығын тамамдадым. Еңбек жолымды 2016 жылы «Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты "мемлекеттік мекемесінің жетекші маманының м.а.» болып бастадым. 2017-2018 жылдар аралығында «Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқардым. 2018-2021 жылдар аралығында «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің бас маманы қызметін атқардым. 2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің бас инспекторы лауазымын атқарудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Жаңалық ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде қатысып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:
- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;
- "AMANAT" партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;
- Ауылдың ішкі жолдарын жөндеуден өткізуге;
- Медицина, білім, денсаулық салаларындағы өзекті мәселелер, оңтайлы шешілуіне ықпал етуге;
- Осы жұмыстармен бірге алдағы уақытта:
- Ауылшаруашылығы саласы мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге;
- Ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;
- Мемлекеттік жастар саясатының жергілікті жерде жүзеге асуына, ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, елжандылық тәрбие беруге, қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеуге бағытталған жұмыстарды жүргізуге;
- Салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.
Құрметті сайлаушылар!
Сіздер 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ТОҒАСОВ ЕРЖАН ДОСМУРАТОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен Тоғасов Ержан Досмуратович 23 маусым 1993 жылы Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім. ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылмағаным, азаматтығым өзгермеген. 2015 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетін кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқыдым. 2018 жылы Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясында мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығын тәмамдадым. Еңбек жолымды 2015 жылы Қаракөз ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманының м.а. қызметінде бастадым. 2018-2019 жж. аралығында "Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқардым. 2019-2021 жж. аралығында Ақсу ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымында болдым. 2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Ақсу

ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бас маманы қызметін атқарудамын.
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Ойтоған ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде қатысып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:
- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;
- "AMANAT" партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;
- Ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.
- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;
- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге;
- мәдениет саласындағы мәселелердің шешімін табуға;
- жастарға қолдау көрсетуге, және әртүрлі шаралар өткізуге;
- ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға ықпал ететін.
Құрметті сайлаушылар!
Сіздер 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА ІЛИЯС СӘБИТҰЛЫ МҰСАБАЛАНОВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Құрметті Жансүгіров ауылдық округінің сайлаушылары!

Мен, Ілияс Сәбитұлы Мұсабажанов, 1985 жылғы 9 маусымда Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім. 1991 жылы Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектепке бірінші сыныпқа барып, 2002 жылы аталған білім ордасын аяқтадым.

Сол жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне түсіп, «Іздеу мен барлаудың геофизикалық тәсілдері» мамандығы бойынша білім алып, 2007 жылы тау-кен инженері біліктілігімен бітіріп шықтым.

2007 жылдың мамырынан бастап 2008 жылдың қыркүйегіне дейін Алматы қаласындағы «ҒЗФ «Даңқ» ЖШС-де мұнай іздеу саласында оператор ретінде Атырау және Ақтөбе облыстарында еңбек еттім.

2008 – 2010 жылдар аралығында «Отан» көп балалы оқыту орталығының Ақсу аудандық филиалында оқытушы-инструктор болып қызмет атқардым.

2014 – 2016 жылдар аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде «Экономика» мамандығы бойынша білім алып, 2017 жылы экономист-бакалавр дипломын алдым.

2010 жылдың тамыз айынан бастап «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-де бас маман - инженер, кейіннен сектор меңгерушісі лауазымында 2018 жылдың қаңтарына дейін жұмыс істедім.

Мемлекеттік қызмет барысында Алматы қаласында 1 рет, Талдықорған қаласында 3 рет біліктілікті арттыру курстарынан өттім. Еңбегім еленіп, Ақсу ауданы әкімінің І дәрежелі дипломымен, Алматы облысы әкімінің екі мәрте Құрмет Грамотасымен сондай-ақ, Мемлекеттік қызмет агенттігінің дипломымен марапатталдым.

2009 жылы жұбайым Айгүл Оралбекқызымен шаңырақ көтеріп, бүгінде бес бала тәрбиелеп отырмыз.

2018 жылдың ақпанынан 2021 жылдың тамызына дейін «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй

инспекциясы бөлімі» ММ басшысы қызметін атқардым.

2021 жылы ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауында Жансүгіров ауылдық округінің әкімі болып сайланып, осы күнге дейін нәтижелі қызмет атқарып келемін.

Әкім болған кезеңде бірқатар жұмыстар атқарылды. Өлі де шешімін күткен мәселелер бар екенін жақсы білемін. Соларды кезең-кезеңімен шешу үшін Сіздердің қолдауларыңызды сұраймын.

Ауылымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартып, өзекті мәселелерді шешу жолдарын жақсы білемін.

2021–2025 жылдардағы сайлауалды бағдарламаның орындалуы бойынша қысқаша есеп:

- Білім саласы: Аудан орталығындағы 2 мектепке күрделі жөндеу, Қаракемер орта мектебіне ағымдағы жөндеу жүргізілді;

- Жол саласы: Жансүгіров, Алтынарық және Көкөзек ауылдарында 20 шақырымнан астам жолға асфальт төселді;

- Тұрғын үй құрылысы: 50 пәтерлік көпқабатты үй мен жеке үйлердің құрылысы жоспарға сәйкес жүргізілді. 2023–2025 жылдары 50+24 пәтер және 65 жер үй пайдалануға берілді немесе салынып жатыр;

- Медицина: Алтынарық және Көкөзек ауылдарында медициналық пункттер салынып, пайдалануға берілді;

- Инфрақұрылым: Балалар ойын алаңдары салынды, әлеуметтік көмек әділ таратылды, демеушілер тартылды.

2025 – 2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарлама:

- Газдандыру: Талдықорған–Ушарал магистральді газ құбыры аяқталғаннан кейін, ауылдарды газдандыру басталады. Қазірдің өзінде округ аумағында газ тарату станциясының құрылысы жүргізілуде;

- Экология: «Таза Қазақстан» аясында 3000 дана ағаш отырғызылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табады;

- Ұялы байланыс: Көкөзек ауылында антенналық мұнара салу жобасы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ, Жансүгіров ауылында жаңа құрылыстар аймағында да антенна орнату кезделуде;

- «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында тұрғындардың табысын арттыру бағытында жеңіл өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, қызмет көрсету және өндіріс салаларында жобалар енгізіледі;

- Жол мәселесі: Жансүгіров, Алтынарық, Көкөзек ауылдарындағы жолдар кезең-кезеңімен жөнделеді. Алғашқы кезекте – Т.Қалилаханов, Ж.Бұхарбай көшелері;

- Суару жүйесі: 35 шақырым бетон лотоктар орнатылды. Алайда, тек 25–27%-ы ғана қамтылды. Жер тоғандарды тазалау немесе жаңадан қазу арқылы арық суын барлық тұрғындарға жеткізу жоспарлануда;

- Қоғамдық кеңес пен жастарды белсенді тартып, бағдарламаны жүзеге асырамын. Барлық жоспар аудан басшылығының келісімі және қолдауымен атқарылады.

Құрметті сайлаушылар!

Атқарылған істі жалғастыру үшін, жаңа кезеңде де сенімдеріңізді ақтауға әзірмін.

Сіздердің қолдауларыңыз – ауылымыздың жарқын болашағының кепілі!



АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ОСМАНБЕКОВ ЕРЛАН ТҰРАРБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН 2025 – 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ОСМАНБЕКОВ ЕРЛАН ТҰРАРБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Османбек Ерлан Тұраббекұлы, 1980 жылы 26 қаңтар күні Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров поселкесінде дүниеге келгенмін. 2002 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университеті Агрономия жүйетехника инженері мен ақпараттық өңдеудің компьютерлік жүйесі мамандығын тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2004 жылы Жансүгіров ауылында №21 кәсіптік мектепте өндірістік оқыту шебері болып бастадым. Мемлекеттік қызметтің әр саласында 20 жылдан астам тәжірибем бар, ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін мәселелері мен әлеуетін жақсы білемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауыл тұрғындарына агротехникалық білім беру, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру жүйесін жетілдіремін;

- Ауылдың ішкі жолдарын жөндеуден өткізуге;

- Медицина, білім, денсаулық салаларындағы өзекті мәселелер, оңтайлы шешілуіне ықпал етуге;

- Жастарды жұмыспен қамту бойынша жеке жоспар әзірлеймін (мамандар тарту, жастар практикасы, гранттар).

- Спорттық алаңдар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру бағытында нақты жобалар ұсынамын.

- Осы жұмыстармен бірге алдағы уақытта:

- Ауылшаруашылығы саласы мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге;

- Ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- Салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.

Құрметті сайлаушылар!

- Сіздер 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ӘБІЛХАМИТ ЕРЛАН САМАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ӘБІЛХАМИТ ЕРЛАН САМАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Әбілхамет Ерлан Саматұлы, 1994 жылы, 17 ақпанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. 2015 жыл - І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетін экология мамандығы және 2018 жыл - Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 2016 жылы "Жаңалық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

2016 жылы желтоқсан айынан 05.08.2018 "Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маман - салық инспекторы.

2018 жылдың тамыз айынан "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы,

2020 жыл тамыз айынан "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" ММ бас маманы болып қызмет атқардым.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болып жұмыс істеймін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Жансүгіров ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауылдың ішкі жолдарын жөндеуден өткізуге;

- Медицина, білім, денсаулық салаларындағы өзекті мәселелер, оңтайлы шешілуіне ықпал етуге;

- Жастарды жұмыспен қамту бойынша жеке жоспар әзірлеймін (мамандар тарту, жастар практикасы, гранттар).

- Спорттық алаңдар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру бағытында нақты жобалар ұсынамын.

- Осы жұмыстармен бірге алдағы уақытта:

- Ауылшаруашылығы саласы мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге;

- Ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- Салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.

• Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Жансүгіров ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

АҚСУ АУДАНЫ, ЖАҢАЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР САПАРҒАЛИЕВ РИНАТ ДҮЙСЕНҒАЛИҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Сапарғалиев Ринат Дүйсенғалиұлы, 1981 жылы 18 қазанда Ақсу ауданында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. Білімім жоғары:

- І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, мамандығым – дене шынықтыру пәні мұғалімі;

- Қазақ ұлттық аграрлық университеті, мамандығым – агрохимия және өсімдіктерді қорғау.

Отбасылымын, бес баланың әкесімін.

Еңбек жолым:

2003–2004 жж. – Жаңатілеу орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі;

2005–2008 жж. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің магистратурасында оқыдым;

2006–2008 жж. – Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығында лаборант, герболог;

2008–2010 жж. – ҚР АШМ Мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы «Қалжат бекеті» – жетекші маман;

2010–2012 жж. – Ақсу аудандық аумақтық инспекциясы – өсімдіктерді қорғау инспекторы;

2012–2017 жж. – Текелі қалалық аумақтық инспекциясы – инспекция басшысы;

2017–2019 жж. – Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы – инспекция басшысы.

Құрметті Жаңалық ауылдық округінің тұрғындары!

Менің басты мақсатым – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасын жақсарту және Жаңалық ауылдық округін дамыудың жаңа сатысына көтеру. Бұл мақсатқа ауылдың ішкі әлеуетін тиімді пайдалану арқылы жетеміз.

БАСЫМ БАҒЫТТАРЫМ:

Ауыл инфрақұрылымын жаңарту.

Ауыз су жүйесін жақсарту; Жолдарды жөндеу және жарықтандыру жұмыстарын кезең-кезеңімен іске асыру; Интернет және байланыс сапасын арттыру бойынша тиісті органдармен тығыз жұмыс жасау.

Ауылшаруашылығын қолдау.

Шағын және орта шаруа қожалықтарына көмек көрсету, кеңес беру, субсидия алу жолдарын түсіндіру;

Ауылшаруашылық техникаларын жаңартуға ықпал ету;

Жер қатынастарындағы әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету.

Әлеуметтік сала.

Мектеп, балабақша, мәдениет үйінің материалдық - техникалық базасын нығайту;

Жастар мен жасөспірімдер үшін спорт алаңдарын салу және бос уақытты тиімді ұйымдастыру;

Ауылда дәрігерлік қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін тиісті мекемелермен жұмыс жасау.

Қоғамдық келісім мен ашық басқару.

Тұрғындармен кері байланыс жүйесін дамыту, әрбір ұсынысқа көңіл бөлу;

Ауыл мәселелерін шешуде халықтың пікірін ескеру – басты қағидатым.

Құрметті жерлестер. Менің өмірлік және кәсіби тәжірибем, ауылшаруашылығы мен мемлекеттік қызмет саласындағы білімім – Жаңалық ауылдық округінің дамуына жаңа серпін береді деп сенемін.

Сіздердің сенімдеріңіз – мен үшін үлкен жауапкершілік. Бірлесі отырып, туған ауылымызды өркендетуге үлес қосайық!

Сенімдеріңіз үшін алғыс білдіремін!

КӨШКЕНТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР
АЛДАБЕРГЕНОВ ОЛЖАС ЖҰМАШҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Алдаберген Олжас Жұмашұлы, 1979 жылы, 16 қыркүйекте Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары. 2004 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «кәсіптік-оқыту» мамандығы бойынша білім алдым. Еңбек жолымды 2003 жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінде технология пәнінің мұғалімі бойынша бастадым. 2005-2013 жылдар аралығында Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман іс-жүргізушісі болып қызмет атқардым. 2014-2021 жылдар аралығында Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқардым. 2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін Көшкентал ауылдық округі әкімі қызметін атқарудамын.

Жанұялымын, 3 баланың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Көшкентал ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік - құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Жолдауларының ауылдық округте іске асыруға;

Көшкентал ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы болғандықтан ауылшаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал ететін;

Мал шаруашылығын одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара малдарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын;

Мал шаруашылығын дамыту бағытында округтегі халықтың жайылымға деген мұқтажықтарына байланысты, жайылым жерлерді кеңейту мақсатында жұмыстар жүргізілуіне атсалысамын;

Егін шаруашылығын заманауи агротехникалық бағытта дамуына жұмыс жүргіземін және халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс бағытта пайдалануын қадағалаймын;

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін. (Мал бордақылау алаңдары, тігін цехы, шашта-раз).

Ауылға білім және медицина саласына білікті маманның келуіне ықпал ететін.

Суармалы жерлерді кеңейту мақсатында жұмыстар атқаратын боламын;

Жергілікті қоғамдық кеңесімен кеңесе отырып, ауылдың өзекті мәселелерін шешуді ұйымдастырамын;

Ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысамын;

Көшкентал, Көлтабан ауылдарында емдеу мекемелерінің құрылыс жұмыстарын сапалы және халыққа тиімді болуын қамтамасыз етуге ықпал ететін;

Көшкентал ауылындағы шағын футбол алаңдарының ағымды жөндеу жұмыстарына ықпал ететін;

Көлтабан ауылындағы мектеп құрылысының сапалы аяқталуына ықпал ететін;

Көлтабан ауылында арнайы балалар ойын алаңдарын салынуына ықпал ететін;

Көшкентал елді - мекенінде 1931-1932 жылдар аралығындағы ашаршылық құрбандарына арнап, демеушілердің көмегімен арнайы аллеялық парктің ашылуының ұйымдастыру жұмыстарын жүргіземін;

«AMANAT» партиясының 2023 - 2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының аясында Көлтабан елді мекеніндегі ішкі көше жолдарының жасалуын қадағалаймын;

Көшкентал елді - мекенінде ауылдың ішкі көше жарықтарын орнатылуына ықпал ететін;

Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға аламын;

Көшкентал ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал ететін;

Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысамын;

Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту, жалпы ауылшаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстаймын;

Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар! Алдағы уақытта Көшкентал ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскілеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

тұрақтылық ұсыну. Әрбір шешім – ауылдастың қамы үшін.

ДАМУ БАҒЫТТАРЫМ:

Инфрақұрылым – өмір өзегі

- Ауыз су жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Ішкі жолдарды жөндеу және кезең-кезеңімен асфальттау;

- Көше жарықтарын орнату мен жаңарту;
- Ауыл шаруашылығы – басты тірек**
- Шаруа қожалықтарына мемлекеттік қолдау тетіктерін жеткізу;

- Жерді тиімді әрі әділетті пайдалануды қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік қолдау – халық қамы**
- Балалар мен жастарға арналған спорт және ойын алаңдарын көбейту;
- Мектеп пен балабақша жағдайын жақсарту;
- Ауылдық амбулатория мен медициналық қызмет сапасын арттыру.

- Ашықтық пен жауапкершілік – басқарудың негізі**
- Тұрғындармен ашық кездесу, онлайн/офлайн кері байланыс жүйесін енгізу;
- Әрбір мәселені шешуде көпшілік пікірімен санасу;
- Әкімдік қызметінің айқын болуын қамтамасыз ету.

- Құрметті жерлестер!**
- Бүгінгі ауыл – ертеңгі ұрпақтың мекені. Жаңалық ауылдық округінің мүмкіндігі мол, әлеуеті зор. Егер маған сенім білдірсеңіздер – осы әлеуетті іске асыру жолында табандылықпен, әділдікпен және ашықтықпен қызмет етуге дайынмын.

- "Халықпен бірге – Халық үшін!" деген қағидатты басшылыққа аламын. Бірлесе әрекет етсек – нәтижеге жетеміз.

КӨШКЕНТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР БЕКБУЛАТОВ
САГИТ ЖАНГАЗЫҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Бекбулатов Сагит Жанғазыұлы 25 шілде, 1968 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылында дүниеге келдім. 1995 жылы Ақмола ауылшаруашылық институтын мал дәрігері мамандығын тәмамдағам.

Еңбек жолымды 1985 жылы «Ақсу» қой кеңшарының №3 фермасының жұмысшысы болып бастағанмын. 1986-1988 жылдар аралығында Улан Үдә қаласында Кеңес Армиясы қатарында болдым. Әскери борышымды өтеген соң 1989 - 1995 жылдар аралығында Ақмола ауылшаруашылық институты жұмыс жасадым. 1995 - 1997 жылдар аралығында «Ақсу» қой кеңшарының №3 фермасының веттехнигі болып жұмыс жасадым. 1997-2015 жылдар аралығында ветеринария саласында қызмет атқардым. 2015 жылдан бастап мемлекеттік қызметке орналасып, қазіргі таңда Жансүгіров ауылдық округінің әкімінің орынбасары қызметін атқарудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Көшкентал ауылдық округіне үміткер ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын жүзеге асыруға;

- 2023 - 2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асуының орындалуына;

- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға алуға;

- Көшкентал ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесін шешуге ықпал етуге;

- Елді - мекендердегі игерілмей жатқан суармалы, жайылым жерлерді заң аясында мемлекет меншігіне қайтаруға және суармалы каналдарды талапқа сай қалпына келтіруге;

Сонымен бірге тұрмысы төмен жанұяларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға, жалғыз басты аналар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекет тарапынан берілетін мақсатты көмекті алу жұмыстарын түсіндіру мен демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыруға;

- білім, денсаулық, мәдениет саласы бойынша тиісті мекеме ұжымымен талқылап, шешуге ықпал етуге;

- жастармен бірлесе отырып, оларды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді бірлесе шешуге, жастар саясатының іске асуына ықпал етуге, оларға қолдау көрсету бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға;

- тұрмысы төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесу;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз ету;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта ауылымыздың біраз жұмыстардың оң шешілуіне өз үлесімді қосамын деп ойлаймын.

Сіздерді 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскесіне келіп, маған қолдау білдіріңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыру жолында еңбек ететін боламын.

КӨШКЕНТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР УСЕНОВ
НУРБОЛ КАМЕТКАЛИЕВИЧТЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Усенов Нурбол Каметкалиевич, 1972 жылы, 01 қарашада Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. 2004 жыл - Жетісу мемлекеттік университеті педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығы және 2007 жыл - "Тұран" университеті құқықтану мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 1989 - 1990 жж. Ақсу аудандық тұтынушылар одағының мектеп -кәсіпорындарының оқушысы, 1997-2002 Е.Сықымов атындағы мектебі директордың орынбасары, 2005 - 2007 жж. Ақсу аудандық мәслихат аппаратының бас маманы, 2007-2008 жж. №6 "Психологиялық педогогикалық коррекциялық кабинетінің" меңгерушісі, 2008 - 2010 жж. "Нұр Отан" ХДП Ақсу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, 2010-2013 жж. Ақсу ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, мемлекеттік- құқықтық және кадрлармен жұмысы бөлімінің жетекшісінің м.а., 2013 - 2014 жж. "Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы, 2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін "Ақсу аудандық мәслихатының аппараты" м.м. жетекшісі болып жұмыс істеймін. Мемлекеттік қызметтің әр саласында тәжірибем бар, ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін, мәселелері мен әлеуетін жақсы білемін. Жанұялымын, 5 баланың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Көшкентал ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік - құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Жолдауларының ауылдық округте іске асыру;
- Көшкентал ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы болғандықтан ауылшаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал ететін;

- Мал шаруашылығын одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара малдарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын;

- Егін шаруашылығын заманауи агротехникалық бағытта дамуына жұмыс жүргіземін және халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс бағытта пайдалануын қадағалаймын;

- «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін - өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін.

- Ауылға білім және медицина саласына білікті маманның келуіне ықпал ететін.

- Жергілікті қоғамдық кеңесімен кеңесе отырып, ауылдың өзекті мәселелерін шешуді ұйымдастырамын;
- Ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысамын;

- Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға аламын;
- Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту, жалпы ауылшаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстаймын;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Көшкентал ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскілеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар біліктілігімді арнаймын!

ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЖЕНИСОВ МӘЛС ЖЕНИСОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ.



Мен, Женисов Мәлс Женисович Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылында 11.09.1982 жылы дүниеге келгенмін.

1988 - 1999 жылдар аралығында Ақсу ауданы, Ойтоған ауылындағы І.Жансүгіров атындағы орта мектебінде оқыдым. Білімім жоғары.

2002 - 2004 жж. Маңғыстау облысы, Бейнеу станциясы, Қазақстан Республикасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметі, №20/87 әскери бөлімінде азаматтық борышымды өтедім.

2010 - 2018 жж. аралығында Талдықорған қаласындағы №18404 әскери бөлімінде келісім - шарт бойынша әскери қызметкер болдым.

2018 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін «Азат» қоғамдық бірлестігінің басшысы болып табыламын.

2021 - 2022 жылдар аралығында Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жастарға қызмет көрсету орталығы» - шаруашылық бөлімінің басшысы қызметінде болдым.

2024 жылдан - қазіргі уақытқа дейін Алматы облысы, Қонаев қаласы, Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жастарға қызмет көрсету орталығы» - әкімшілік бөлімінің қойма меңгерушісі қызметін атқарамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА: Жер мәселесі бойынша бастамаларым:

Жер — халыққа қызмет етуі керек!

1.Пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау;

2. Пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтарып, конкурс арқылы ауыл тұрғындарына беру — басты міндеттеріміздің бірі.

3. Ауыл маңындағы иесіз немесе ұзақ уақыт қолданылмаған егістік, жайылымдық жерлердің тізімін жасау.

4. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, тиісті негіздермен мұндай жерлер мемлекет меншігіне қайтарылады.

5. Тұрғылықты ауыл тұрғындарына ғана үлестіру.

6. Ашық конкурс немесе жергілікті комиссия арқылы — тек осы ауылда тұратын азаматтарға жер беру жүйесін енгізу.

Су мәселесі бойынша:

Қазіргі таңда егін шаруашылығы судың тапшылығына тікелей тәуелді. Бұл тек ауыл емес, ел қауіпсіздігіне әсер ететін мәселе.

Менің бастамаларым:

1. Су инфрақұрылымын жаңарту: тозығы жеткен каналдарды жөндеу және тазарту;

2. Су пайдалануға қатаң бақылау орнатып, ысырапты азайту;

3. Қауымдастықтарды біріктіріп, суды бірлесіп басқару жүйесін құру;

4. Ауылшаруашылығындағы жастарға білім мен құрал жағынан қолдау көрсету.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек: Ұстанымым

1. Әр отбасы есепте тұруы тиіс.

1. Ауыл ішінде мұқтаж отбасылардың нақты тізімі мен картасы жасалады;

2. Жасырын емес, ашық көмек жүйесі енгізіледі;

3. Азық - түлік, көмір, оқу құралымен қамту;

4. Мектеп жасындағы баласы бар отбасыларға демеушілермен бірлесе отырып оқу жылы алдында көмек көрсету;

5. Қыста көмірмен, жазда азық-түлікпен қолдау;

Ауылдағы еңбек биржасы мен жұмыспен қамту мәселесі:

1. Ауыл ішіндегі еңбек нарығын қалыптастыру:

• Қазір жұмыссыз жүрген адамдардың нақты есебін жүргізу;

2. Аудандық жұмыспен қамту орталығымен байланыс;

• Ауыл тұрғындарын тіркеу, қайта оқыту, жалақысы бар қоғамдық жұмыстарға тарту;

• Әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға өтініш жасау;

3. Қысқа мерзімді курстар мен қайта оқыту;

• Ауылда нақты мамандықтар бойынша 1–3 айлық курстар ашу;

• Оқыған соң — жоба немесе шағын кәсіп бастауға жол ашу.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау: Менің бағытым

Кәсіпке арналған инфрақұрылым:

• Ауыл кәсіпкерлері үшін жер, су, жарық секілді ресурстарға жеңілдетілген қолжетімділік.

• Бұл — ауылда шынайы кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырып, сыртқа кетіп жатқан жастарды кері бұрудың бір жолы;

Мемлекеттік бағдарламаларға жол ашу:

• «Ауыл аманаты», «Жас кәсіпкер», «Аграрлық несие корпорациясы» сынды жеңілдетілген несиелерге жоба жазуға көмектесемін.

• Аудан мен облыс деңгейіндегі байқауларға қатысу үшін оқыту, тренинг ұйымдастырамын.

Кәсіп ашуға жол сілтеу:

• Жоба жазуға, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға нақты көмек;

• «Жас кәсіпкер», «Бастау бизнес», «Ауыл аманаты» сияқты бағдарламалармен байланыс орнату;

Менторлар мен үлгі болатын кәсіпкерлер:

• Ауыл ішінен шыққан кәсіпкерлердің қатысуымен тірі мысал, мотивациялық кездесулер өткіземін.

Экология — болашаққа аманат!

1. Ауыл тазалығы — бәрімізге ортақ

• Қоқыс тастайтын арнайы орын белгілеп, контейнер орнату;

• Ай сайын «Тазалық күні» өткізу (мектеп, жастар, тұрғындар қатысады);

• «Таза көше — таза ауыл» байқауын ұйымдастыру.

• «Таза Қазақстан» акциясын ұйымдастыру.

ЖАСТАР ЖӘНЕ СПОРТ: Саулығы мықты ауыл – қуатты ел

1. Спорт алаңдарын жаңарту;

• Футбол, волейбол, баскетбол алаңдарын жасау немесе жөндеу;

• Кешкі уақытта жарық орнату — жастардың жолдан таймауына нақты жағдай жасау;

2. Жаттығу құрылғылары (воркаут):

• Ауыл ішінен ашық аспан астында спорт бұрышы;

3. Ауылдың спорт жарыстары:

• «Ауыл чемпионы» сынды айлық жарыстар;

• Мектеп түлектері мен студенттердің қатысуымен жазғы спорт фестивалі;

4. Жастарға бағыт, тәрбие:

• Жастармен мотивациялық кездесу, спортшылармен, кәсіпкерлермен жүздесу;

• Тәртіп, мәдениет, белсенділік — спортпен бірге келеді!

Жастарға шағын несие – үлкен өмірге алғашқы қадам!

1. Ауыл жастарына арналған арнайы несие бағдарламаларына жол ашу:

• «Ауыл Аманаты», «Жас кәсіпкер», «Бастау бизнес» секілді мемлекеттік бағдарламалар арқылы 1–3 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несиеге бағыттау;

• Қажет құжаттарды жинауға кеңес пен көмек көрсету;

2. Жазылған жобаларға қарап көмек беру:

• Жастарға арналған жобалық оқыту курстары;

• Идеясы бар, бірақ тәжірибесі жоқ жасты менторлармен байланыстыру.

Мәдениет үйі — ауылдың жүрегі!

1. Күрделі жөндеу жұмыстарын қолға алу;

• Шатыры, терезесі, есігі, едені — толық жөндеуден өтеді;

• Жылу жүйесі мен жарықтандыру қайта жаңартылады;

• Сахна, шымылдық, акустика — жаңа деңгейге көтеріледі.

Сонымен қатар:

- І.Жансүгіров атындағы орта мектебін ағымдық жөндеу жұмыстарын өткізу туралы жұмыстарына атсалысу;

- «Туған жерге Туынды тік» акциясы аясында ауыл азаматтарының қолдауымен демеушілік жасау;

- Ауылға кіреберісті көкалдандыру жұмыстары, ауылымызға қажеттілігі бойынша шағын тойхана жасалуын қолға алу.

Бұл бастамаға халықпен бірге үлес қосуды қолдаймын! Құжат, жер, инфрақұрылым — толық қолдауға дайынмын!

ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ҚАЛҚАМАН ЕРКЕБҰЛАННЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Қалқаман Еркебұлан Жетісу облысы Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында 1983 жылы 16 наурызда дүниеге келдім. І.Жансүгіров атындағы орта мектепке 1989 жылы бардым. 2000 жылы сол мектепті тәмамдадым.

2001 – 2006 жылдар аралығында, Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі факультеті бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мамандығын алып шықтым. 2006 – 2007 жж. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласы, 10810 әскери бөлімінде Отан алдындағы азаматтық борышымды өтедім. 01.09.2009 ж – 18.08.2011 ж. аралығында Алматы облыстық И.Нүсіпбаев атындағы мектеп – интернатында алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәні мұғалімі қызметін атқардым. Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша 01.09.2011 ж бастап «Алматы облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесінің «І.Жансүгіров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығының» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде осы уақытқа дейін қызмет етудемін.

Жанұялымын, 2 баланың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Ойтоған ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік - құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асыруға;

Ойтоған ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы болғандықтан ауылшаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін;

Мал шаруашылығын одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара малдарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын;

Ауылдық округтегі халықтың жайылымға

деген мұқтаждықтарына және жайылым жерлерді кеңейту мақсатында игерілмей тұрған жерлерді халыққа қайтару бойынша жұмыстар жүргіземін;

Егін шаруашылығын заманауи агротехникалық бағытта дамуына жұмыс жүргіземін және халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс бағытта пайдалануын қадағалаймын;

«Ауыл аманаты» жобасы аясында жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал етемін. (Мал бордақылау алаңдары, сүт өнімдерін өңдейтін цех)

Ауылға білім және медицина саласына білікті жас мамандардың келуіне ықпал етемін;

Ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысамын;

Суармалы жерлерді кеңейту мақсатында жұмыстар атқаратын боламын;

Жергілікті қоғамдық кеңесімен кеңесе отырып, ауылдың өзекті мәселелерін шешуді ұйымдастырамын;

Ойтоған ауылында мәдениет қызметкерлеріне арналған 80 орындық блокты-модульдік конструкция салынуына ықпал етемін;

Ойтоған ауылында ветеринариялық пункт салынуына ақпал етемін;

Ойтоған ауылындағы демеушілікпен салынған шағын футбол алаңының ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етемін;

Ойтоған ауылындағы балалар ойын алаңдарының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етемін;

Ойтоған, Үлгілі ауылдарының кіре берісін абаттандыру жұмыстарын жүргіземін;

Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға аламын;

Ойтоған ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал етемін;

Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысамын;

Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту, жалпы

ауылшаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстаймын;

Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Ойтоған ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскілеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

АҚСУ АУДАНЫ, ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ОТЕГЕН ТАЛГАТ ОТЕГЕНУЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Отеген Талгат Отегенулы 1978 жылы 07 қарашада Алматы облысы, Ақсу ауданы, Кеңжыра ауылында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 1998 жылы Жансүгіров ауылындағы Е.Сиқымов атындағы орта мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі болып бастадым.

2000 - 2008 жылдар аралығында аудан ішіндегі білім ошақтарында мұғалім болып қызмет атқардым.

2008 - 2016 жылдар аралығында «Ақсу ауданы әкімі аппараты» ММ жалпы бөлімінің бас маманы қызметінде болдым.

2016 - 2021 жылдар аралығында «Ақсу ауданы әкімі аппараты» ММ жалпы бөлімінің басшысы қызметін атқардым.

2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Ақсу аудандық мәслихат аппараты» ММ-нің бас маманы қызметін атқарудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Ойтоған ауылдық округіне үміткер ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын жүзеге асыруға;

- «AMANAT» париясының 2023-2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асыруға;

- Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға алуға;

- Ойтоған ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесіне шешуге ықпал етуге, соның ішінде:

- Елді - мекендерінің ішкі көше жолдарын жөндеуге;

- Елді - мекендердегі игерілмей жатқан суармалы, жайылым жерлерді заң аясында мемлекет меншігіне қайтаруға және суармалы каналдарды талапқа сай қалпына келтіруге;

Сонымен бірге тұрмысы төмен жанұяларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге, көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналар мен ата-анамалықтары жоқ балаларға мемлекет тарапынан берілетін мақсатты көмекті алу жұмыстарын түсіндіру мен демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыруға;

- білім, денсаулық, мәдениет саласы бойынша тиісті мекеме ұжымымен талқылап, шешуге ықпал етуге;

- жастармен бірлесе отырып оларды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді бірлесе шешуге, жастар саясатының іске асуына ықпал етуге, оларға қолдау көрсету бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз ету;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Ойтоған ауылдық округінің мәселелерін оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 13 шілде күні сайлау учаскілеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

ТАЗАЛЫҚ САҚТАЙЫҚ
АУЫЛДАСТАР!



Елдің еңбекпен көркейетінін ескерсек, еңбек адамының қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Халық еңбекке бейім болса, ел ырысқа кенеліп, өзгелермен терезесі теңеліп, бауатты, бәсекеге қабілетті мемлекет болып нығаиды.

Ауданымыз да күннен күнге көркейіп, келген қонақтарымызды орталық алаңға, арбатқа ұялмай, мақтанып алып шыға аламыз. Жайқалған гүлзарлар, тап – таза көшелер. Ал, оның барлығын біз бір айлық тазалық айлығында жасап тастағанымыз жоқ. Ауы-

лымызды абаттандырып, көрік беріп тұрған гүлдер мен көше тазалығын күнделікті атқарып жүрген қоғамдық жұмысшылар бар.

Олар таң бозарып атқаннан күн қызарып батқанша тыным таппай өздері қолмен отырғызған мәдени өсімдіктерді суғарып, көшелерді сыпырып, қоқыс жәшіктерін тазалап жүреді. Қолдарына қаптарын ұстаған тіпті мүмкіндігі шектеулі жандарда да бар. Өздері әрең жүрсе де орталыққа кешкі салқынмен қыдырып шыққан ауыл тұрғындарының немқұрайлы тастай салған



қоқыстарын жинап жүргені. Су шықпайтын жерлерге қолмен су тасып құйып, қараусыз жүрген малдар еңбектерін таптап кетпесін деп күні - түні күзетіп жүрген де солар.

Біздің мың адам бір ай тазалық айлығында жасаған жұмыстарымызда олар күнделікті жасап келе жатыр. Ауылымыздың көркейіп, гүденіп тұрғаны міне осы нағыз еңбек адамдарының арқасы. Жұмыспен қамту бөлімі арқылы төленетін еңбек ақыларын адал еңбекпен тауып жүрген қоғамдық жұмысшыларға ел болып құрмет көрсетуіміз керек.

Еңбекқор азаматтардың беделін көтеру, өнімді еңбек етуге ынталандыру біздің парызымыз. Ендеше, барлық ақсулықтар атынан осындай нағыз еңбек адамдарына алғыс білдіреміз.

Ауыл тұрғындарын тазалық сақтауға шақырамын. "Таза Қазақстан" бағдарламасы аясында тазалық жұмыстарына бір кісідей атсалысып, өзіміздің ауламыздан бастап тазалық сақтайық.

Бекзат ЕРМҰХАМБЕТОВ,
аудан әкімінің орынбасары.

ОҚУҒА ШАҚЫРУ!

"Жетісу облысының білім басқармасы" ММ "Ақсу агротехникалық колледжі" ШЖҚ МКК Сіздерді 2025 - 2026 оқу жылына келесі мамандықтар бойынша 9 - 11 сынып негізінде күндізгі бөлімге оқуға шақырады.

Мамандық атауы	Біліктілік	Орын саны	Оның ішінде қазақ тілінде оқытатын	9-сынып базасында	11-сынып базасында
07130100 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	15	15	15	-
07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501 Электрға-зымен дәнекерлеуші	15	15	15	-
07210400 Қант өндірісі	3W07210401 Қант өндіру операторы	15	15	15	-
07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 Автомо-биль жөндеу слесарі	15	15	15	-
07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру	3W07161602 Ауыл шаруашылығы техни-касын жөндеу шебері	15	15	-	15
07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	3W07230102 Арнайы тігінші	20	20	-	20
07140100 Технологиялық процесстерді автомат-тандыру және басқару (бейін бойынша)	3W07140101 Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь	15	15	-	15
07130100 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	20	20	-	20
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бой-ынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	20	20	-	20

Қабылдау ережесі

Колледжге түсірушілер директордың атына таңдаған мамандығын көрсетіп, өтініш береді және мынандай құжаттар тапсырады:

1. Білім туралы құжат (түпнұсқа)
 2. Дәрігерлік анықтама №075-У
 3. 3*4 фотосурет-4 дана
- Туу туралы куәлік немесе жеке куәлік көшірмесі.
- Мекен жайымыз:Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы,Қабанбай батыр көшесі 4
- Эл. адрес: Profshkola-21@mail.ru
- Колледж сайты: <https://aksu-college.edu.kz/ru/>
- Сот: 87025812425, 87021945303

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ:
ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ!**

Мемлекеттік қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыруға бағытталған нысандарының бірі.

Жансүгіров ауылдық әкімшілігінде 6 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Атап айтқанда, «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру», «Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату" "Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету мемлекеттік қызметтері көрсетіледі.

Бүгінгі күнге сауда - саттықты «конкурстарды, аукциондарды» өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу мемлекеттік қызметін көрсету бойынша Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесіне жыл басынан бүгінгі күнге дейін 74 қызмет көрсетілді. Қызмет көрсету мерзімі 1 кезең 14 жұмыс күнін, 2 кезең 3 жұмыс күнін құрайды.

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша 1 қызмет көрсетілді. Қызмет көрсету мерзімі 14 жұмыс күні.

"Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату" мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 5 жұмыс күні.

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 1 кезең 28 жұмыс күні, 2 кезең 18 жұмыс күні.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметінің мерзімі 20 минут ішінде көрсетіледі.

«Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша қызмет көрсету мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды. Бүгінгі күнге 33 қызмет көрсетілді.

«Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 қабатта арнайы электрондық қызмет көрсету бұрышы және ақпараттық стенд жабдықталған. Онда көрсетілетін қызметтің түрлері, мерзімі және т.б. мәліметтер орналастырылған. Электрондық қызмет көрсету бұрышында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» (ЖҚКО) арқылы алынатын анықтамаларды www.egov.kz «электрондық үкімет» веб - порталы арқылы цифрлық қол таңбалары бар әрбір ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері жеке баста куәліктің түп нұсқасымен келіп, «Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда. Бүгінгі күнге ауыл тұрғындары «Еgov» бұрышы арқылы жыл басынан анықтама алды. Қосымша электрондық қызмет түрлерін алуға жүгінген азаматтарға қажетті кеңес беретін маман бекітіліп, үйрету, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жоспар бойынша бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету саласында мемлекеттік қызметті электронды түрде алу тәртіптерін насихаттау жөнінде ай сайын брошуралар таратылып, тоқсан сайын орталық базарда жәрмеңкелер ұйымдастырылып, газеттерге мақала жарияланып тұрады.

З.ЫНТЫМАҚ,
Жансүгіров ауылдық округінің бас маман - іс жүргізушісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

09.07.2025 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылында орналасқан "Бекбосынова Улбала Орынбасаровна" ЖК жанармай құю станциясы үшін (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Бекбосынова Улбала Орынбасаровна" ЖК, мекен - жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылы, Нұғманов Сейдахмет көшесі, 15. Тел. 87009645089, ulbala1965@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 09.07.2025г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для автозаправочной станции ИП «Бекбосынова Улбала Орынбасаровна», расположенного в с.Суықсай Аксуского района области Жетісу (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Бекбосынова Улбала Орынбасаровна», адрес: область Жетісу, Аксуский район, с.Суықсай, ул.Нугманов Сейдахмет 15, тел: 87009645089, ulbala1965@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел: 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2827

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.